*Аялаймын сені, Қызылорда!*

# Ақмешіт апталығы

17 тамыз сенбі
№65 (2075)
2024 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
*E-mail: akmeshit.kz@mail.ru*

**18 ТАМЫЗ – ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ**

**Бұл күн – еліміздің шекара шебін күзетіп жүрген шекарашылардың ерлігі мен жанқиярлық қызметіне құрмет күні. Шекарашылар жай ғана әскери қызметкерлер емес, олар ел тыныштығы мен қауіпсіздігінің сақшылары.**

## ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ САРБАЗДАР



1992 жылдың 18 тамызында Президент Жарлығымен Қазақстан Республикасының шекара әскері құрылды. Ал шекарашылар күні кәсіби мереке ретінде 2012 жылдан бері аталып келеді. 5 мемлекетпен шектесетін еліміз достық пен татулықтың ерекше үлгісін көрсетіп отыр. Бүгінде 15 мың шақырымнан асатын шекара бойында антқа берік, рухы асқақ қыз-жігіттер еңбек етеді. Бұл көлемнің біздің аймағымызға тиесілі бөлігі 700 шақырымға тең. ҚР ҰҚК Шекара қызметіне 32 жыл толса, Қызылорда облысы бойынша департаменті ел тыныштығын күзете бастағанына 25 жыл толып отыр.

– Шекарашылар күнімен қатар, Қызылорда облысы бойынша департаменттің құрылғанына 25 жылдығын атап өтуді жоспарлаудамыз. Әрбіріміз үшін бұл мерейтойдың маңызы зор, өйткені ширек ғасырда қауіпсіздікті қамтамасыз етуде көптеген маңызды мақсаттарға қол жеткіздік. Барлық қиындықтар мен кедергілерге қарамастан, біз шекараның сенімді қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етудеміз. Біздің жұмысымыз мемлекетіміздің шекарасында қырағылық пен тұрақтылықты сақтауды талап етеді. Шекара қауіпсіздігі – батылдық, парыз, абырой және әрбір қызметкерлеріміздің күш-жігерінің арқасында ел іргесі күндіз-түні бақылауда, – дейді «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Асан Худаяров.

**2-БЕТТЕ**

**ҚАЛА ТЫНЫСЫ**

**Қызылордалықтар үшін жаз мезгілінде су қысымының төмендеуі өзекті мәселеге айналады. Биыл 6 айда қалаға 8,4 миллион текше метр су тартылған екен. Ал ол тұрғындар қолданысына дейін 5 кезеңнен тұратын механикалық тазартудан өткізіледі. Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен қоғамдық кеңестің кезекті отырысында осы және өзге де маңызды мәселелер қозғалды.**

## СУДЫҢ ЖАЙЫ ӘЛІ ДЕ ӨЗЕКТІ

Кеңесте қала басшысы халықтың талап-тілегін атқарушы билікке жеткізуде қоғамдық кеңестің рөлі зор екендігін тілге тиек етті.

– Қаламыздың қоғамдық-саяси, мәдени-рухани өміріне етене араласып, түрлі салаларда абыройлы еңбек етіп жүрген өздеріңізбен жақсы таныспын. Нағыз қоғам жанашырлары іріктелген құрам алдағы уақытта шаһарымыздағы күрмеулі мәселелерді шешуде аянбай еңбек ете береді деп сенемін, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында қозғалған алғашқы мәселе халықты сапалы ауыз сумен қамту жайы болды. Бүгінде қызылордалықтарға 78 ұңғыма арқылы және жер үсті су көзінен тәулігіне 85-90 мың текше метр су беріледі. Дегенмен жеке сектордағы тұрғындардың ауыз суды мақсатты жағдайда пайдаланбауы су шығынын көбейтіп, қысымның төмендеуіне әкелуде. Бұл ретте кеңес мүшелері тұтынушылардың қарызын өндіруге күш салу керектігін айтып, рейдтік бақылаулар ұйымдастыруды ұсынды.

Отырыста сонымен бірге мүгедектігі бар адамдарға кедергісіз орта құру жайы да талқыланды. Қазіргі таңда қалада 11557 адам мүмкіндігі шектеулілер санатында. Ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін инфрақұрылымды жақсарту үшін 225 нысанды бейімдеу көздесе, бүгінде оның 70 пайызы стандартқа сәйкестендірілген екен. Қоғамдық көлікке мініп, түсуін оңтайландыру мақсатында арнайы қондырғылар жұмыс істейді. Сонымен бірге мүгедек жандар үшін қалада арнаулы 55 бағдаршам орнатылған. Бұдан бөлек 700-ге жуық мүгедектігі бар азаматқа 16 автокөлік «Инватакси» қызметін көрсетеді.

Үшінші мәселе бойынша кеңес отырысында Ақсуат ауылдық округінің әкімі екінші тоқсанда атқарылған жұмыстар барысын баяндады. Ауылдық округ әкімдігі бүгінде 5 түрлі бағыт бойынша «Электронды Үкімет» веб-порталы арқылы 84 жеке және заңды тұлғаға мемлекеттік қызмет көрсеткен. Округте жер учаскесін алу үшін 190 тұрғын кезекке тіркелген. Ауылда бұдан өзге де ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл бағыттағы жұмыстармен қоғамдық кеңес мүшелері арнайы танысатын болады.

**«Ақмешіт-ақпарат»**

## БУЛЛИНГ ДАУЫ – БАЛА ЖАУЫ



Соңғы жылдары ақпаратқа қолжетімділік артып, әлеуметтік желі қоғамдағы түйткілді мәселелерді талқыға салатын, халық пен Үкіметті байланыстыратын құралға айналды. Оған көпшіліктің қызу талқысына түсіп жататын күнделікті жаңалықтар дәлел. ЮНИСЕФ деректеріне сүйенсек, бүкіл әлемде 150 миллионнан астам бала мектеп қабырғасында және одан тыс жерде құрдастары тарапынан зорлық көріп, қудалауға ұшырайды. Елде де жағдай мәз емес. Әлеуметтік желілер мен интернет арқылы балаларға жасалған зорлық-зомбылықтың түр-түріне көзіміз көрді. Мәселен, құрбыларынан қорлық көріп, аяншты жолға түскен қызылордалық оқушы қыздың оқиғасы қоғамда қызу талқы тудырғанын білеміз. Мұның барлығы буллингтің белең алғанын білдірсе керек.

Қоғамдық денсаулық сақтау мамандарының мәлімдеуінше, қазақстандық жасөспірімдердің 13%-ы, шамамен әрбір 8 жасөспірімнің 1-еуі кибербуллингке ұшырайды. Жасөспірімдердің шамамен 11%-ы немесе 9 жасөспірімнің 1-еуі басқа балаларға киберәлімжеттік жасаушылар тобына қатысқан. Мемлекет басшысының өзі бала құқығына басымдық беріп, аталған мәселенің барын жасырған емес. Тіпті мәселенің түбегейлі жойылуы керек екенін айтқан болатын.

– Мен Президент Әкімшілігіне қылмыс жасағандарды заң жүзінде жазалау үшін осындай жағдайлардың бәрін айрықша бақылауға алуды тапсырдым. Мұндай адамдарға басқа айтар сөзім жоқ. Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратура балалардың қауіпсіздігіне қатысты өздеріне жүктелген міндетті дұрыс атқаруға тиіс. Бала құқықтары жөніндегі омбудсмен мұндай жағдайлардың бәрін тіркеп, маған баяндауы қажет. Қатаң шара қолданамыз. Мектептерде зорлық-зомбылық жасаушыларды басқа жолмен тоқтату мүмкін емес. Білім ошақтарында қылмыстық психологияның таралуы секілді келеңсіздікті түбірімен жою керек, – деді Мемлекет басшысы.

**2-БЕТТЕ**



**Өткен жылдың шілде айында Сырдарияның сол жағалауынан физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың іргетасы қаланған болатын. Құрылыс басындағы жұмыс қарқынын байқап, күннің аптап ыстығына қарамай маңдай терін төгіп жүрген еңбеккерлермен жүздесіп қайттық.**

## БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

Ат шаптырым аймақты алып жатқан құрылыс алаңында «Промстройсервис Е» серіктестігінің мамандары еңбектенуде. Бірі сыртқы қасбетін қаптап жатса, енді бірі шатырдағы шаруаны реттеуде. Тағы бірі өжіредегі жұмысты ыңғайлап жатыр. Құрылыс басында учаске бастығы Ғани Қалқабаев жұмысты жүйелі жүргізуде.

– Мектеп-интернаттың 300 орындық жатақханасы бар. Білім ошағы 400 орынға арналған. Айналасы көгалдандырылып, ғимараттың алды мына үлкен көшеге қарап тұрады. Сәні мен сәулеті келіскен нысан болғалы тұр. Негізі жоба бойынша біз 2025 жылдың мамыр айында бітуіміз керек болған. Бірақ қазір күшейтілген режимдегі жұмыс кестесіне қарап, жаңа жылға дейін бітіреміз деп отырмыз. Әлбетте, жылдам бітіреміз деп сапаны ұмытып кетпейміз. Басты мақсат – сапалы ғимарат салу, – дейді Ғ.Қалқабаев.

**2-БЕТТЕ**

**ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ...**



**Асхат САЙЛАУ,**
**Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым-хатшысы, ҚР Мәдениет саласының үздігі:**

## БІЗГЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ КЕРЕК

**Қазақ тарихында есімдері алтын әріптермен жазылған тұлғалар мен тарихи орындарымыз жеткілікті. Әйтсе де, бүгінгі қоғамда олардың көпшілігі еленбей, тарихтан өз бағасын ала алмай жүр. Көңілдегі сан сауалды Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғалым-хатшысы, ҚР Мәдениет саласының үздігі Асхат Қожагелдіұлына жолдаған едік.**

**3-БЕТТЕ**

Қазақстандағы шекарашылар күні ресми мереке ғана емес, сонымен бірге ардагерлер мен жас шекарашылардың бас қосып, тәжірибе алмасып, білімдерін ортаға салатын кезі. Шерудеи бастап патриоттық шараларға дейін аймағымыздағы әскери-патриоттық қозғалысының жас шекарашылары аталған мерекеге белсенді қатысуда.

– Отанға мінсіз қызмет етіп, әскери құрылымның қалыптасуы мен өркендеуінде департаменттің әрбір әскери қызметкерінің қосқан үлесі орасан зор. Қиын қыстау кезеңдерде түпкі тамырынан көз жазып қалмай, табандылық таныта білді. Қазіргі таңда әскери-патриоттық қозғалыстың қатарында 300-ге жуық жас шекарашы бар. Ол Қызылорда қаласы,

# ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ САРБАЗДАР



Шиелі, Қармақшы ауданындағы шалғай беттегі орналасқан мектеп пен колледждерде құрылды, – дейді ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстары бөлімінің бастығы Нұрбек Абдиракинов.

– Қазіргі уақытта әскери борышын өтеп келген сарбаздарды келісімшарт негізінде жұмысқа орналастырудамыз. Ал жоғары білімі бар, әскери кафедраны тәмамдаған азаматтарды белсенді түрде қызметке қабылдаймыз. Қосымша ақпарат пен қызметке орналасу және қажетті мәліметтерді алу үшін Қызылорда қаласындағы департаментке келіп, қажетті ақпарат ала аласыз, – дейді кадрлық жұмыстар бөлімінің бастығы Данияр Жұпарбеков.

Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстары бөлімінің бастығы Нұрбек Абдиракиновтың айтуынша, мерекеге орай шекара қызметінде ел тыныштығын күзетуде еселі еңбегімен бірқатар шекара қызметкерлері, сарбаздардың ата-аналары алғыс хаттармен марапатталады.

Кеудесіне Отанға деген ұлы махаббат пен жауапкершілікті сыйдырып, тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген сарбаздарды біз де төл мерекесімен құттықтаймыз.

Басы 1-бетте

**София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ**

# БУЛЛИНГ ДАУЫ – БАЛА ЖАУЫ



Мектептегі баланың әлімжеттікке ұшырауының себебі не? «Білім беру ұйымдарына кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингінің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» оқулығының авторы Сәуле Амантаева буллингке ұшырайтындардың дені – тойтарыс бере алмайтын оқушылар екенін айтады.

– Көп жағдайда физикалық әлсіз оқушылар буллингке жиі ұшырайды. Сондай-ақ, келбетінде өзгешелігі бар, тіпті, сырткелбеті салақ балалар да – осы қатарда. Оқу жылы басталғаннан сыныптағы оқушылардың рөлдері өзара бөлініп, қарым-қатынастары бекіп болған кезде жаңадан келген оқушылар да өзінің сыныптастары тарапынан жәбірлеуге ұшырауы әбден мүмкін, – дейді педагог-психолог.

Демек, жасөспірім кездегі агрессия баланың ата-ана тарапынан сүйіспеншілік пен қамқорлықтың болмауы, жыныстық және психологиялық жетілу, өзіне назар аударту мәселеге себеп болады екен. Сәйкесінше, отбасында зорлық-зомбылық көрген бала ашу мен агрессияға бейім.

**Буллингтің түрі көп, шешімі жоқ. Қысым көрмей, бақытты балалық шағын өткеріп, анасы мен әкесіне еркелей алатын, достарымен емін-еркін, сау қарым-қатынас құра алған бала ғана еркін ойлайтын, саналы, сапалы тұлға болмақ. Ендеше заңды әрекетке, санды сапаға ауыстыратын уақыт жетті. Бір бала бүтін елмен тең. Сондықтан балаға өз құқығын қорғап, өзгенің құқығын таптамауды үйретіп, еркін, қауіпсіз қоғамды өзіміз қалыптастыруымыз керек. Ал заң мен әрекеттің таразыда тең түсуі үшін мемлекет тарапынан арнайы жобалар қолға алынса екен.**

Психологтардың пікірінше, жасөспірім буллингке қатыспауы һәм ұшырамауы үшін алдымен кез келген ата-ана баласымен ашық және жиі сөйлесіп тұруы шарт. Қарапайым мектептегі күні қалай өткенін, интернетті қандай мақсатта пайдаланғанын, үзіліс кезінде мектепте не істейтінін сұраған жөн. Сабақ үлгерімі ғана емес, сезімі, достарымен қарым-қатынасы жайлы да сөйлесуді әдетке айналдыру керек. Ал баланың қатарластары тарапынан қысымға ұшырағанын қалай анықтаймыз? Әдетте буллингке ұшыраған балалар орын алып жатқан жайтты ата-анасына айтуға батылы жетпейді. Сондықтан баланың қысым көргенін дер кезінде байқай білудің маңызы зор. Мәселен, басқа біреудің тарапынан қысымға ұшыраған баланың мінез-құлқында мынадай өзгерістер орын алуы мүмкін: өзінен кішілерге агрессиямен қарау, ұйқы немесе тамақтану режимінің бұзылуы, концентрацияның жоғалуы, тыныштықта көп болу, реніш, өзгеден оқшаулану.

– Шынымен де мектепте адам құқықтары тек теориялық тұрғыда үйретіледі. Балалар арызды қалай жазуға болатынын, көшеде полиция тоқтатса, мектепте жүргенде қалтаңды, сөмкеңді көрсетуді сұраса, не істеу керек екенін білмейді. Мұның бәрі баланың құқығы және ол жиі бұзылады. Өйткені балалар өзін қалай қорғау керектігін білмейді. Балалар алдымен өз құқығын білсе, құқықбұзушылық та азаяр еді.

Бәріміздің білуіміз керек бір нәрсе бар: буллинг пен кибербуллингте тек агрессор кінәлі. Жапа шеккен адамның ешқандай кінәсі жоқ. Себебі, тек агрессордың ғана әлімжеттік көрсету не көрсетпеуде таңдау құқығы бар», – деді заңгер, «Адам құқықтары, инклюзия және азаматтық қоғамды зерттеу» орталығының директоры Халида Әжіғұлова

Басы 1-бетте

## Әлем қалай қорғанады?

Буллинг – ортақ індет. Әсіресе, батыс елдерінде өршіп тұр. Қорғаудың қанша жолын тапса да қатыгездер қапы қалдырып жүр. Мысалы, АҚШ алғаш болып 1999 жылдан буллингпен заңды түрде күресті бастады. Мысалы, Джорджия штатында өзге балалардың көңіл күйіне нұқсан келтірмес үшін гаджеттерді қолдануға тыйым салынған. Ал, басқа штаттарда баланы қорқытқандар қылмыстық жауаптылыққа ұшырайды. Ал, көршілес Ресейде мемлекет тарапынан қолдауға ие болған буллингке қарсы бағдарламалар болмағанымен, аталған мәселеге айтарлықтай көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, сыныптағы жағдайға және мұғалімдермен, ата-аналармен және оқушылармен атқарылатын жұмыстарға мониторинг жүргізіледі.

Финляндияда буллингтің куәсі болған балаларға сырттан бақылап тұрмай, жанжалды бейбіт жолмен шешуді үйретеді. Аустралиялықтар болса, жан-жақты зерделеп алмастан буллингпен күресу бағдарламасын жасау негізсіз деп шешкен. Олар алдымен мектептегі ахуалды жан-жақты зерттеп барып қана, өзгеріс жасаған.

Бұдан өзге норвегиялық «Ольвеус жүйесі» де танымал. Кешенді жүйе балаларды ғана емес, ата-ана мен мектеп қызметкерлеріне дейін буллингті анықтауға және тоқтатуға үйретеді. Қазір бағдарламаны Норвегия, Мексика, АҚШ, Литва, Ұлыбритания, Швеция секілді елдер табысты қолданылуда. Жүйеге сәйкес, мұғалімдер буллингке қарсы саясатты түсіндіргені үшін қосымша ақы алса, балаларға рольдік ойындар, пікірталастар, театрландырылған қойылымдар, тренингтер арқылы буллинг мәселесі талқыланады. Тіпті, оқушылардың өзін-өзі бағалауын, әлеуметтік дағдыларын дамытуға тырысады.

## Елде не істейміз?

Егер бала сыныпта қысым көрген болса, алдымен сыныптастарының ата-анасымен сөйлесу керек. Бала құқығы – талқыға түсуге міндетті тақырып. Сондықтан ортақ жиналыста емес, әр ата-анамен жеке-жеке сөйлесу маңызды. Әрекетіңіз нәтижесіз болса, онда сынып жетекшісі, мектеп директоры, психолог, учаскелік полиция қызметкерін де бұған араластыру керек.

Балалар арасындағы буллинг бұрыннан бері талқыға түсіп, көптің көкейінде жүрген мәселенің бірі. Адам құқығы жасқа, жынысқа қарамайтынын ескерсек, бұл туралы жалпылама заңнамалар жеткілікті. Дегенмен осы жылы 14 сәуірдегі Сенат депутаттарының отырысынан кейін «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңға «Баланы жәбірлеу» (буллинг) түсінігі енгізілмек. Мұндай түсінік мектеп оқушылары арасында өткізілген әлеуметтік анкеталарды толтыру нәтижесінде заң жүзінде алғаш рет еніп отыр, әрі 18 жасқа толмағандардың ортасында зорлық-зомбылық, кемсіту, қысым көрсетудің алдын алудың, ересектердің балаға қарым-қатынасының маңызды тармағы ретінде саналатын болады.

Буллингтің түрі көп, шешімі жоқ. Қысым көрмей, бақытты балалық шағын өткеріп, анасы мен әкесіне еркелей алатын, достарымен емін-еркін, сау қарым-қатынас құра алған бала ғана еркін ойлайтын, саналы, сапалы тұлға болмақ. Ендеше заңды әрекетке, санды сапаға ауыстыратын уақыт жетті. Бір бала бүтін елмен тең. Сондықтан балаға өз құқығын қорғап, өзгенің құқығын таптамауды үйретіп, еркін, қауіпсіз қоғамды өзіміз қалыптастыруымыз керек. Ал заң мен әрекеттің таразыда тең түсуі үшін мемлекет тарапынан арнайы жобалар қолға алынса екен.

**P.S.** Қазір мектеп оқушысының ағат қимылы үшін директор немесе тәрбиеге жауапты маманды жұмыстан босату үрдіс алды. Иә, балаға қысым көрсетуді тоқтату үшін керек-ақ шығар. Бірақ одан не өзгереді? Директор жұмыстан шығады немесе жазаланады, ал балалардың ішкі қорқынышы, психикалық жарақаты жазылып кете ме? Болашақ тұлға ретінде қалыптасуында бір реттік физикалық не психикалық соққының өзі өмір бойы әсер етуші фактор ретінде қалып кетуі ғажап емес. Сондықтан балаларға көрсетілетін буллингтің мектеп пен отбасылық жағдайда ғана емес, балабақшадан басталатынын ескеру орынды.

**Берен ШАҒЫРОВ**

**18 тамыз – Шекарашылар күніне орай, ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің базасында департаменттің әскери қызметшілерінің отбасылары үшін ұйымдастырылған «Мен, әкем, анам – біз спорттық отбасы» атты эстафета өтті. Іс-шара тек ата-ана мен балаларды ғана емес, сонымен қатар өздерін үлкен шекара отбасының бір бөлігі деп санайтындарды бір аспан астына жинады.**

# БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ОТБАСЫ

Эстафета спорттық сайыс ұғымымен шектелмеді, бірліктің, достықтың және салауатты өмір салтының мерекесіне айналды. Спорттық эстафетаның басты мақсаты әскери қызметшілердің отбасылары арасында ұлттық рухты нығайту, дене белсенділігін дамытуға жәрдемдесу және бірге уақыт өткізудің маңыздылығына назар аудару болды. Іс-шарада шекарашылар мен олардың жақындары арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал ететін жағымды атмосфераны құруға көмектесті.

Департаменттің бөлімше ішінде өткізілген іріктеуден шыққан отбасылар, финалдық кезеңде кіл мықтылармен сайысқа түседі. Эстафета бірнеше кезеңнен тұрды, олардың әрқайсысы әр түрлі жастағы қатысушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Атап айтқанда, белгіленген ұзындыққа секіру, шеңбер ішінде әкесі мен баласы екеуі мәреге дейін жету, құм толтырылған допты кедергілерден мәреге дейін жеткізу бар. Ал финалдық сайыс алтын қасық деп аталды. Бұл сайыста отбасы мүшелері кішкентай шар салынған қасықты, құлатып алмай мәреге дейін жеткізу қажет. Күннің ыстығына қарамастан, спорттық эстафета көңілді және бірлік атмосферасында өтті. Сайыстың қорытындысы шығарылып, командалар департамент басшысының алғыс хаты мен естелік сыйлықтарына ие болды.

Осындай эстафетаны ұйымдастыру әскери қызметшілердің отбасыларында қолдау мен бірліктің қаншалықты маңызды екенін көрсете отырып, барлығына физикалық белсенділік пен бірге уақыт өткізу отбасылық байланыстары нығайды. Мұндай іс-шаралар командалық рухты нығайтып қана қоймай, сонымен бірге достық пен бірліктің шынайы құндылықтарын көрсетеді.

**Әкімжан ТӨЛЕБАЙ,**
ҚР ҰҚК ШҚ Қызылорда облысы бойынша департаментінің әскери журналисі




# БІЛІМ ОШАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында «Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуы тиіс» деген болатын. Міне, аталған мектеп те осы мақсат пен мүддені үйлестіре отырып, келешек ұрпақтың сапалы біліммен қарулануына зор септігін тигізбек.

– Өзімнің тікелей жұмысым арқылы ұрпақтың сапалы білім алатын, көзін ашып, көкірегін оятатын осындай заманауи мектептің құрылысын салып жатқанымды мақтан етемін. Мұндай мектеп тек Алматыда ғана бар, бізде екінші болып салынып жатыр. Менінше, әрбір қызметкер тек жалақы алсам болдым деп емес, ізінен еріп келе жатқан мамандардың да қамын ойлау керек. Қазір учаске бастығы болып жүргенде біздің мекемеде жұмыс істейтін Нұрсұлтан Құдайберген мен Досбол Разаковты дайын маман еттім. Ертең олар менің орнымды баса алады. Біздің мекемеде осы жағын да ескеретін ұстаным бар. Жалақымыз жақсы, көңіл толарлықтай. Ендеше, бізге қалғаны – тек сапалы жұмыс істеу, – дейді учаске бастығы.

Басы 1-бетте

Айта кетейік, тәуелсіздік алған осынау жылдар ішінде облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысаны салынып. Осы күннің өзінде тозығы жеткен білім ошақтары жаңаша күйге енді. Кей оқу орындарына қосалқы ғимарат салынып, кеңейтілді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы да бұл қатардағы нысандарды толықтыруда.

Ел Президенті қазіргі цифрландыру, индустрияландыру заманында IT саласына деген сұраныс пен техникалық ғылымдардың маңыздылығын ескере келе, жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерге басымдық беру керегін айтқан болатын. Біздің бүгінгі нысанамыздағы білім ошағы осы бастаманың бір жемісі болмақ. Ал осы бастамаларды қуаттап, жастардың сапалы білім алуына заманауи ғимарат салу жауапкершілігін мойнына артқан «Промстройсервис Е» серіктестігі тәрізді құрылыс компанияларының да қомақты үлесі бар екенін ұмытпау керек.

**Дәулет ҚЫРДАН,**
Суретке түсірген
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**



